БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Н ТУЫ

К КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
Л ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

31 август Жексенбі | Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

## Ж. ШАЯХМЕТОВ жолдасты ЛЕНИН орденімен наградтау туралы

### ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бірінші секретары Ж. Шаяхметов жолдастың туғанына 50 жыл толуымен байланысты және Партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектерін еске алып, Жұмабай Шаяхметов жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ШВЕРНИК.
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.
29 август 1952 жыл.

### БК(б)П-ның XIX съезі қарсаңында

## Көсемге берген сертті абыроймен орындайық!

☆

### Астық тапсыру жоспарын орындады

Съезд құрметіндегі вахтаға тұрып, Тоқшын совхозының коллективі жаңа табыстарға жетті. Совхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Қазір совхоз мемлекетке жоспардан тыс астық тапсыруда.

Шофер Мандрик жолдас «ГАЗ—51» машинасымен қабылдау пункттеріне астық тасуда күндік норманы 180 процент орындап жүр.

Егін жыйнауда комбайншылар да еңбек өнімділігін еселеп арттыруда. Комбайншы Пудовкин жолдас «Сталинец—6» комбайнымен 16 жұмыс күні ішінде 246 гектар жердің егінін жыйнап, 2370 центнер астық бастырды.

Г. Сусенко жолдас та комбайнмен үзіліксіз жұмыс істеп, егін жыйнауда үздік шықты. Ол күндік норманы үнемі бір жарым есе орындап, 19 жұмыс күні ішінде 2334 центнер астық бастырды.

Еңбек өнімділігінің осындай еселеп арттырылуы нәтижесінде совхозда егін жыйнау жоспары 75 процент орындалды.

☆

### ОТАН ИГІЛІГІ ҮШІН

Кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылданған міндеттемелерді абыроймен жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек ете отырып, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері (председателі Құсайынов жолдас) күрделі табыстарға ие болды. Олар 20 августа мемлекет алындағы бірінші парыз—астық дайындау жоспарын толық орындап шықты. Колхоз мемлекетке 14 мың пұт жоғары сапалы астық тапсырды.

Колхозшылар астық дайындауда мұндай табысқа егін орағына қолда бар күшмүмкіншілікті сарқа жұмылдырып, еңбек қарқынын еселеп арттыру нәтижесіне жетті. Колхоздың егін даласында 4 комбайн үздіксіз жұмыс істеді, олармен күн сайын 60—70 гектар жердің егіні жыйналып отырды.

Комбайнмен егін жыйнауда А. Ілиясов және А. Садықов сыяқты комбайншылар үздік шықты. Мәселен комбайншы А. Ілиясов жолдас тіркеудегі «Сталинец—6» қос комбайнымен күн сайын 22 гектар орнына 30—35 гектар егін жыйнап жүрді ... йындау пункттеріне жөнелтіліп отырылды. Астық тазалауда Ш. Өмірбаева, Н. Сәрсенбаева, М. Рудакова және Г. Ермолова жолдастар сыяқты колхозшылар стахановша еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетті. Олар күн сайын 60 центнер орнына, 80—90 центнер астық тазартып тапсырманы едәуір асыра орындауға жетісті.

Колхозшылардың өнімді еңбек етуі нәтижесінде дайындау пункттеріне күн сайын 200—250 центнер астық жөнелтілуге мүмкіншілік туды. Осының арқасында колхоз астық тапсыру жөніндегі күндік және бескүндік графикті үнемі толық және артығымен орындап отырды. Астық тасуда Шағлы МТС-нің шофері Залевский жолдастың еңбегі атап көрсетерліктей. Ол «ЗИС» автомашинасымен 25 километр жердегі дайындау пунктіне 6—7 рет қатынап, күн сайын 180—200 центнер астық жеткізді.

БК(б)П-ның XIX съезін шақыру жөніндегі қуанышты хабар бұл колхоздың кол-

## Ертең мектептерде жаңа оқу жылы басталады

Ертең ұлан-байтақ Отанымыздың барлық мектептерінде жаңа оқу жылы басталады. Бұл күн—тек балалардың ғана мерекесі емес, сонымен бірге, бүкіл совет халқының, дүние жүзіндегі ең озат совет мәдениетінің мерекесі. Сондықтан да бұл мерекеге барлық оқытушыларымыз, совет халқы әзірленді.

Бүкіл еліміздің оқушылары сыяқты, біздің облысымыздың мектептерінің оқушылары да өткен оқу жылын аяқтап, жаз бойы көңілді және мәдениетті дем алды, пионер лагерьлері мен санаторийлерде тынықты, Москваға, Ленинградқа, Алматыға, еліміздің тағы басқа ірі-ірі қалалары мен коммунизмнің ұлы құрылыстарына саяхатқа барды, өлкетану саяхаттарына шықты.

Совет үкметінің, данышпан Сталиннің өзінің және бүкіл совет халқының қамқорлығына бөленген бақытты жас буындарымыз осылай көңілді және мәдениетті дем алып жатқанда, оқытушылар, халық ағарту орындары, партия, совет ұйымдары және бүкіл еңбекшілеріміз мектептерді жаңа оқу жылына әзірледі.

Демек, быйыл облысымыздың мектептері жаңа оқу жылын өткен жылға қарағанда едәуір жақсы әзірлікпен қарсы алып отыр. Мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуде Совет ауданы еңбекшілерінің патриоттық іс бастағаны мәлім. Бүкіл облысымыздың колхозшылары, жұмысшылары мен қызметкерлері Совет ауданы еңбекшілерінің игілікті бастамасына үн қосып, мектептерді жаңа оқу жылына әзірлеуге зор қамқорлық көрсетті. Осының нәтижесінде облысымыздың мектептерінің көпшілігі оқу жасындағы балаларды түгел оқуға тар-

## ...лы құрылысына көмегі

### ...лі Е. ТАЙБЕКОВПЕН әңгіме

...гізінен
...8 мил
...дықтар
...шағыл
...орман
...йында
...әне сов
...н өлке
...дақыл
...кәзір-
...ы. Со-
...е өту-
...азық-
...пікізат
...танның
...әрбір
...Еділ-
...а кө-
...
...иканың
...ысына
...сый-
...акаде-
...Бүкіл-
...акаде-
...ғылми-
...циялық
...гиялық,
...ология-
...иялық,
...кономи-
...мыстар
...тардың
...жо-
...Мәселен,
...іркатар
...тар же-
...икалық
...водхоз-
...нгипро-
...лтүстік

қоймалары жүйесінің, ал, шағыл құмды аудандарда — жабық трубопроводтардың жобаларын жасау жұмыстарын тез аяқтауына мүмкіндік береді.

Еділ—Жайық аралығын өнеркәсіп және ауылшаруашылық жағынан меңгерудің жобалары жасалды. Батыс Қазақстан және Гурьев облыстарындағы колхоздарда өндірістік жағдайды байқау мақсатымен Солтүстік Каспий маңайы үшін жаңа ауылшаруашылық дақылдары, мақта, қант қызылшасы, тағы басқалары егілді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Оралдағы мемлекеттік селекция станциясы мен Орал—Эмба ғылми- зерттеу базасы суармалы егіс жағдайында тұрақты ғылми- зерттеулерді өрістетуде.

Республиканың өнеркәсіп орындарының ұлы құрылысқа көмегі күшеюде. Қазақстан Сталинград су торабына болат және түсті прокат, көмір, мұнай, бұрғы аспаптарын, конвейер, транспортерлер, диспетчерлік байланыстың селектор аппараттарын, ауыр және машина жасау өнеркәсібінің, аспаптар жасау, байланыс құралдары өнеркәсібінің өнімдерін және басқаларын беріп келеді және бұдан былай да еселеген қарқынмен беріп отырады.

Канал құрылысының аудандарында жаңадан картоп- овощь базалары жасалынып, канал бойындағы шолғыншылар мен канал құрылысшыларын азық- түлікпен қамтамасыз ету жұмысы кеңінен өріс алуда. Денсаулық сақтау орындарының медициналық мекемелер сеттері көбейе түсуде. Мұнда жаңа мектептер, көпшілік мәдениет орындары салынуда. Батыс Қазақстан облысының Фурманов және Калмыков аудандық екі поселкесі соңғы екі жылдың ішінде адам танығысыз болып өзгерді. ССРО-ны өркендетудің бесжылдық жоспары бойынша XIX съездің күн тәртібіне ұсынылған директивалар Қазақстан еңбекшілерін еңбек майданын-

## *Торанғұл каналы*



Торанғұл көлін Аралдан, қала берді, Балқаштан кем көрмейтін колхозшылар:

—Шіркін, Торанғұлдың суы-ай! Қашан мұны толық пайдаланамыз?

—Көлдің суын канал арқылы ағызса, бірсыпыра жерді жайып суаруға болар еді-ау,—деп талай рет айтатын.

Сонда олардың көз алдына көлден ағызып шығарылған су жайылған, көзбен зорға қамтып көрерлік кең алқап, онда жайқалып өскен неше түрлі құнарлы шөптер, суға қанған жайылымдықта оттап жүрген төрт түлік мал елестейтін.

Міне, Торанғұл көлі маңындағы колхоздардың мүшелері мен Торанғұл совхозы мал өсірушілерінің осы ойы жүзеге аса да бастады. Кәзір Торанғұл көлінен маңайындағы жайылымдықтар мен шабындықтарды жайып суаруға мүмкіндік беретін ... сы анадайдан көрініп, жерден топырақты үлкен күрегімен қопарып алып жағаға лақтырып жатқан экскаваторды үнемі көруге болады. Бұл экскаваторшы Татаркин жолдастың бригадасы. Ол өзінің көмекшісі Зенцов және Крестьянинов жолдастармен бірге сменалық норманы 390 проценттен орындайды. Оның экскаваторының бір сменадағы жұмыс өнімділігі 150 текше метр. Стахановша жұмыс істейтін бригада бұл норманы 4 есеге дейін арттырған.

Канал пайдалануға берілгеннен кейін Торанғұл совхозының бір мың гектардай жері, «Советский» және «Орталық» колхоздарының 1,5 мың гектардай жері көлдің нәрлі суымен жайып суарылатын болады. Көлден суды ағызатын жабдықтар жақсылап жұмыс істейтін болғанда және келешекте тағы басқа қажетті жабдықтар орнатылған жағдайда канал ар-

## Кореядағы оқиғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС ҚОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 29 август. (СОТА). Корей Халық- Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 29 август күні Халық армиясының әскерлері қытай халық еріктілерімен бірлесе отырып, майдандарда қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды деп хабарлады.

### ГОЛЛАНДИЯ ЖАСТАРЫ КОРЕЯДАҒЫ СОҒЫСТАН БАС ТАРТУДА

ГААГА, 29 август. (СОТА). Мұнан бұрын хабарландырылғанындай, Голландияның Кореядағы батальоны көп шығындарға ұшырауда. Осы батальонға алынған көптеген солдаттар шартты жыртып, Голландияға қайтаруды талап етуде. Кәзіргі уақытта Голландия өкмет орындары жастардың арасынан «еріктілер» деп аталатындарды жыйнап алып, Кореяға жөнелтуге тырысуда. Алайда, жас жігіттер американ малайы болғысы келмейді.

### КОЧЖЕДО АРАЛЫНДАҒЫ КОРЕЙ, ҚЫТАЙ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫНА АМЕРИКАН АГРЕССОРЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖАУЫЗДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ

ЛОНДОН 29 август. (СОТА). Рейтер агенттігінің Сеулдегі тілшісінің берген хабарынан анықталғандай, 26 және 27 август күндері Кочжедо аралындағы американ охранкасы 24 соғыс тұтқынын жаралаған.

### АҚШ-тың ПРОГРЕСШІЛ ПАРТИЯСЫНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ НАУҚАНЫ

НЬЮ- ЙОРК, 29 август. (СОТА). Лос-Анжелостан берген баспасөз хабарына қарағанда, прогресшіл партияның кандидаттары Холлинэн және Басс, сол сияқты, прогресшіл партияның ұлттық комитетінің екінші председателі Поль Робсон «Калвер» стадионында болған көпшілік ми-

